

Көкшетау облысындағы Васильковка кенішінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 5 қаңтар N 17

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен "Placer Kazakhstan Limited" компаниясының арасындағы 1995 жылғы 11 сәуірдегі келісімнің күшінің жойылуына байланысты, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі республиканың геологиялық қорларына "Placer Kazakhstan Limited" компаниясына бұрын берілген, аталған компания Васильковка кеніші мен лицензиялық аумағындағы өз жұмыстарының есебінен алынған бүкіл геологиялық ақпаратты керн материалымен қоса, сондай-ақ осы жоба бойынша "Placer Kazakhstan Limited" компаниясы алдын ала дайындаған техникалық-экономикалық негіздемені қайтарып алсын.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Placer Kazakhstan Limited" компаниясымен келіссөздің тоқтатылуы нәтижесінде, "Placer Kazakhstan Limited" компаниясына қайтарылатын 35 (отыз бес) млн. АҚШ доллары мөлшерінде бонустың бірінші бөлігін шегеру жөнінде келіссөздерге қатысқан республиканың мемлекеттік органдары мен кәсіпорындарының барлық шығындары мен материалдық залалын есепке алып, оны бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тапсырсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі келісімнің шарттарына сәйкес, осы қаулының 2-тармағында көрсетілген шығындар мен материалдық залалдан басқа 35 (отыз бес) млн. АҚШ доллары мөлшерінде бонустың алынған бөлігін "Placer Kazakhstan Limited" компаниясына қайтарсын.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

Шетел инвестицияларын тарта отырып, Көкшетау облысының Васильковка кен орнында өнеркәсіптің алтын өндіру саласын дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 сәуірдегі N 455 қаулысы;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі бірінші орынбасарының 1995 жылғы 11 мамырдағы N 7-35 өкімі;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі бірінші орынбасарының 1995 жылғы 15 маусымдағы N 7-55 өкімі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК